

## **Айналадағы табиғи ортаны сауықтыру жөнінде экологиялық шаралар жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 16 наурыз 1994 ж. N 276

Көктемгі наурыз мейрамы мерекесін өткізуге байланысты ұлттық дәстүрлерді одан әрі нығайта беру, қалалардың, поселкелердің, селолық елді мекендерді санитарлық-гигиеналық жағдайын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жыл сайын көктем кезінде елді мекендердегі санитарлық жағдайды жақсарту, оларды көркейту мен көгалдандыру, айналадағы табиғи ортаны сауықтыру жөніндегі экологиялық сенбіліктер мен жексенбіліктер өткізу туралы Республика жұртшылығының бастамасы құпталсын.

2. Облыстардың, Алматы мен Ленинск қалаларының әкімдері:

табиғи ортаның ластануына жол бермеу, халық тұрмысының экологиялық жағдайын жақсарту жөніндегі нақты шараларды қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының қатысуымен әзірлеп, жүзеге асыратын болсын. Аталған кезеңде өндірісте қатаң технологиялық тәртіпті қамтамасыз ету, зиянды шығарындылардың атмосфераға жіберілу, өндіріс қоқыстары мен қалдықтарының көлемін дәйекті түрде төмендету, тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі жұмыстарды орындау, елді мекендердің айналасында санитарлық-экологиялық аймақтар құру қажеттігіне ерекше назар аударылсын;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының Экология жөніндегі мемлекеттік кеңесі туралы" 1993 жылғы 21 қазандағы N 1042 қаулысына сәйкес айналадағы табиғи ортаны қорғау мәселесін және оны сауықтыру жөніндегі шаралардың орындалуын үйлестіріп отыратын экология жөніндегі кеңестер құру ұсынылсын.

2. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Білім министрлігі, Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы аталған шаралардың орындалу барысын әйгіледі, сондай-ақ халық арасында экологиялық мәдениетті көтеруге, табиғатқа деген аялы көзқарас тәрбиелеуге бағытталған түсінік жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі меншік нысанына қарамастан кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңдарын сақтауына пәрменді бақылау жасалуын қамтамасыз етсін және жыл сайын мамырда осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне ақпарат беріп тұрсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК